Әділет

# Тауарларды кедендік бақылаумен өткізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 12 мамырдағы N 197 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2318. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса берiлiп отырған:

1) Тауарлардың жеткізілуін бақылау құжатын ресімдеу, қалыптастыру және пайдалану ережесі;

2) Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру ережесі;

3) Кеден төлемдер мен салықтарының төленуінің қамтамасыз етілгендігін растайтын құжатты толтырудың және ұсынудың ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.02.22 N 74 бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Кедендiк бақылау агенттiгiнiң құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк тiркелуiн қамтамасыз етсiн.

3. Қазақстан Республикасы Кедендiк бақылау агенттiгiнiң баспасөз қызметi ( А.А.Қонлыбаева) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсiн.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзiме қалдырамын.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк тiркелген күнiнен бастап күшiне енедi.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының
2003 жылғы 12 мамырдағы
N 197 бұйрығымен
бекітілген

## Тауарлардың жеткізілуін бақылау құжатын ресімдеу, қалыптастыру және пайдалану ережесі

Ескерту. Ереженің атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.02.22 N 74 бұйрығымен.

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарлардың жеткізілуін бақылау құжатын ресімдеу, қалыптастыру және пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 74, 76, 77, 86, 90, 217, 257, 276 және 476-баптарына сәйкес әзірленді және тауарлардың кедендік бақылаумен орналастыру кезіндегі жеткізілуін бақылау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.02.22 N 74 бұйрығымен.

2. Тауарлар ішкі кеден транзиті рәсімі бойынша (бұдан әрі - ІКТ рәсімі) кедендік жөнелту органының баратын кеден органына дейін тасымалдаушының жауаптылығымен, көліктің барлық түрлерімен тасымалданады.

3. Баратын кеден органы алынған құжаттарды тексереді және тауарлар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде келіп түспеген жағдайда, жедел байланыс арналары бойынша жөнелтуші кеден органын хабардар етеді, жеткізілмеген тауарлардың кедендік ресімделуін қамтамасыз етуге арналған тиісті іс-шаралар жүргізеді.

### 2. Жеткізілуін бақылау құжатын ресімдеу және қалыптастыру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.02.22 N 74 бұйрығымен.

4. Жеткізілуін бақылау құжаты (бұдан әрі - ЖБҚ) кедендік декларация-1, кедендік декларация-2 нысанындағы (2-қосымша) жүк кедендік декларациясының бланкасында төрт данада бір мезгілде электрондық көшірмесі жасала отырып, Кодекстің 76-бабына және осы Ереженің талаптарына сәйкес толтырылады.

5. ЖБҚ тіркеуді жөнелтуші кеден органы 2-қосымшада келтірілген нысан бойынша жеткізуді бақылау құжаттарын тіркеу журналында жүргізеді.

6. Тауарларды АКТ рәсімі бойынша тасымалдау кезінде ЖБҚ барлық даналарына және тауарға ілеспе құжаттардың (жүктік жөнелтпе құжат, шот-фактура, инвойстар, коносаменттер және т.б.) барлық даналарына 1-суретте

(3-қосымша) көрсетілген мөртаңба қойылады. Мөртаңба тасымалдауды ішкі кедендік транзит рәсімі бойынша ресімдеуді жүргізуші кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен және қолымен расталады.

7. ЖБҚ-ның екінші және үшінші даналары тауармен бірге баратын кеден органына ұсыну үшін тасымалдаушыға тапсырылады, бірінші дана - жөнелтуші кеден органының бақылауында (бақылау парағы) қалады, төртінші дана тауар-көлік құжаттарының (шот-фактура, көліктік жөнелтпе құжат және басқа) көшірмелерімен бірге - жедел байланыс түрлерімен баратын кеден органына жөнелтіледі.

ЖБҚ-ның бірінші данасы тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелерімен бірге жөнелтуші кеден органында жеке папкада сақталады.

8. Тауарлардың жеткізілуін бақылаудың мынадай бағандары толтырылады: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 15, 16, 17, 18, 21, 22, 23, 25, 29, 31, 32, 33, 35, 38, 40, 42 және 44, 46-бағандарының 2, 7-тармақтары (компьютердің басылым құрылғысында немесе басу машинкасында бас әріптермен), 50, 53, 54, А, С, Д.

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 20 мамырдағы N 195 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

9. ЖБҚ бағандарын декларант не тасымалдаушы, экспедитор, ал көрсетілген адамдар болмаған жағдайда - кеден органының лауазымды адамы толтырады.

"Декларацияның түрі" 1-бағаны:

бірінші қосымша бөлікте тауарлар мен көлік құралдарын өткізу бағыты қойылады:

ИМ - Қазақстан Республикасының аумағына жөнелтуші кеден органынан межелі кеден органына дейін әкелу кезінде;

ТР - "тауарлар транзиті" кедендік режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде;

ВТ - бұрын өзге де кедендік рәсімдерге (уақытша сақтау орындары, кеден қоймасы және тағы басқалар) орналастырылған тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өткізу кезінде;

ТТ - тауарлар мен көлік құралдарын шетел мемлекетінің аумағы арқылы бір кеден органынан басқа кеден органына өткізу кезінде;

екінші қосымша бөліктері толтырылмайды, ал үшінші қосымша бөлікте ЖБҚ көрсетіледі.

"Жөнелтуші" 2-бағанында - жөнелтушінің атауы мен толық заңды мекен-жайы көрсетіледі.

"Қосымша парақтар" 3-бағаны - егер қосымша парақтар пайдаланылса толтырылады. Бағанның бірінші қосымша бөлігінде парақтың реттік нөмірі,

екіншісінде - қосымшаларды қоса алғанда ұсынылған ЖБҚ парақтарының жалпы саны көрсетіледі.

"Түсіру ерекшелігі" 4-бағаны - тауарлардың тізімдемесі пайдаланылған жағдайда толтырылады. Қоса берілген парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

"Барлық тауарлардың атауы" 5-бағанына - ЖБҚ негізгі және қосымша парақтарының 31-бағанында көрсетілген декларацияланатын топтағы тауарлар атауларының жалпы саны қойылады.

"Орындардың саны" 6-бағанында - тауарлардың декларацияланатын тобындағы орындардың жалпы саны көрсетіледі. Кеден шекарасы арқылы сусыма, құйылма, сондай-ақ төгілмелі жүктер өткізілген жағдайда, бағанда - "0" көрсетіледі. Контейнерлерде, жәшіктерде немесе табандарда тасымалданатын тауарлар үшін тиісінше контейнерлердің, жәшіктердің, табандардың саны көрсетіледі.

"Анықтамалық нөмір" 7-бағанында - ЖБҚ-ның кедендік ресімдеуге қабылданған күні мен тіркеу нөмірі мынадай сызба бойынша көрсетіледі: 11111/22334/55555, мұнда 1 сандары кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органының Қазақстан Республикасы кеден органдарының жіктеушісіне сәйкес бес мәнді сандық коды, 2 және 3 сандары ЖБҚ-ның кедендік ресімдеуге қабылданған күні мен айы, 4 саны - ағымдық жылдың соңғы саны, 5 сандары - тиісті кеден органы ресімдеген ЖБҚ-ның реттік нөмірі (ағымдық жылдағы өспелі қорытындымен, жыл аяқталғаннан кейін нөмірлену жаңартылады). ЖБҚ-ның реттік нөмірі тауарлардың әкетілетіндігіне немесе әкелінетіндігіне қарамастан, қайталанбауы тиіс. Қосымша парақтар қолданылған жағдайда "А" бағанының төменгі бөлігінде 33-бағанының үстінде ЖБҚ негізгі парағының тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған толтырылғаннан кейін, деректер ЖБҚ-ны ресімдеуші инспектордың жеке нөмірлік мөрімен расталады.

"Алушы" 8-бағанында - алушының толық заңды мекен-жайы көрсетіледі. Тауар теміржол көлігімен тасымалданған жағдайда қосымша теміржол жүк құжатында белгіленген баратын кеден органының қызмет аймағындағы темір жол станциясының коды көрсетіледі.

9-бағанда - кедендік алып жүру кезіндегі акт пен шешімнің нөмірі көрсетіледі .

"Жөнелтуші ел" 15-бағанында - жөнелтуші ел көрсетіледі.

"Шығарылған ел" 16-бағанында - тауарды шығарған ел көрсетіледі.

"Баратын елі" 17-бағанында - баратын елі көрсетіледі.

"Жөнелту кезіндегі көлік құралы" 18-бағанында - бағанның сол жақ қосымша бөлігінде көлік құралдарының саны қойылады, ашық аланнан кейін Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы өткізу пунктінен тауарларды тасымалдауды жүргізетін көлік құралы туралы мәліметтер көрсетіледі. Бағанның

оң жақ қосымша бөлігінде Әлем елдері жіктеушісіне сәйкес көлік құралы тиесілі болатын елдің сандық коды көрсетіледі.

"Шекарадағы көлік құралы" 21-бағанында - бағанның оң жақ қосымша бөлігінде көлік құралдарының саны қойылады, ашық жерден кейін Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тауарларды әкететін көлік құралы туралы мәліметтер көрсетіледі. Бағанның оң жақ қосымша бөлігінде көлік құралы тиесілі болатын елдің сандық коды көрсетіледі.

"Валюта және тауарлардың жалпы фактуралық құны" 22-бағанында - сол жақ қосымша бөлікте валютаның сандық коды және тауарлардың шот-фактураға және басқа да тауарға ілеспе құжаттарға сәйкес жалпы фактуралық құны көрсетіледі.

"Валюта бағамы" 23-бағанында - валютаны ЖБҚ-ны ресімдеуге қабылдау күніндегі бағамы көрсетіледі.

"Көлік түрінің коды" 25-бағанында - көлік түрінің коды көрсетіледі.

Шекарадағы кеден" деген 29-бағанда - жөнелтуші кеден органы көрсетіледі.

"Жүк орындары мен тауардың сипаттамасы", "Контейнерлердің маркіленуі және саны, нөмірі - тауардың сипаттамасы" 31-бағанында - моделдерінің нөмірлерін, түрлерін, мөлшерлерін, параметрлерін және т.б. қоса алғанда тауардың атауы және олардың техникалық сипаттамалары көрсетіледі, декларацияланатын тауарлардың сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатурасы бойынша (бұдан әрі - СЭҚ ТН) келтірілген тауарлар позициясының жалпы атауымен көрсетуге рұқсат етілмейді. Контейнерлерде тасымалданатын тауарлар үшін, жоғарғы оң жақ бөлігінде контейнерлердің саны және ашық жерден кейін нөмірі көрсетіледі.

"N тауары" 32-бағанында - 31-бағанда декларацияланатын тауардың реттік нөмірі көрсетіледі.

33-баған "Тауардың коды" - тауарлардың ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН бойынша жіктемесіне сәйкес тауар коды көрсетіледі. Кодтың құрылымы ашық жерсіз және өзге де бөлгіш таңбаларсыз жазылады. Тауардың ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН бойынша дәл кодын айқындау мүмкін болмайтын жағдайда тауар позициясы (тауардың сандық кодтың төртінші белгісі деңгейіндегі коды) көрсетіледі;

"Қосымша салмақ (кг)" 35-бағанында - тауардың ораммен қоса жалпы салмағы килограммен көрсетіледі. Жалпы салмағы бір килограмнан асатын тауарларға қатысты салмақ дөңгелектеу ережесі бойынша бүтін шамаға дейін дөңгелектенеді.

"Таза салмақ (кг)" - 38-бағанында - тауардың орамсыз салмағы көрсетіледі.

"Алдыңғы құжат" 40-бағанында - шектес мемлекеттердің тауарлар жеткізілуін бақылау құжатының нөмірі көрсетіледі.

"Фактуралық құн" 42-бағанында - тауарлардың шот-фактураға немесе басқа

да тауарға ілеспе құжаттарға сәйкес фактуралық құны көрсетіледі.

"Қосымша ақпарат/ұсынылатын құжаттар" 44-бағанында - әрбір деректемелерді жаңа жолдан бастай отырып және әрқайсысының алдына олардың реттік нөмірі көрсетіле отырып:

2 - көлік құжатының нөмірі,

7А - шот-фактураның нөмірі мен күні,

7В - кепілді міндеттеменің нөмірі,

7С - төлемнің қамтамасыз етілгендігін растайтын құжаттың нөмірі мен күні,

7D - кеден тасымалдаушысы лицензиясының нөмірі көрсетіледі.

"Статистикалық құн" 46-бағанында - тауардың ЖБК қабылданған күнгі бағам бойынша АҚШ долларындағы фактуралық құны көрсетіледі.

Сенімгер" 50-бағанында - тауарларды ІКТ рәсіміне сәйкес тасымалдауға қабылдаған тасымалдаушы туралы мәліметтер (тасымалдаушының атауы, мекен-жайы, оның баратын кеден органына дейін тауарды жеткізетіндігі туралы міндеттемесі, тасымалдаушы өкілінің аты-жөні және қолы); баратын кеден органына дейін жеткізу мерзімі көрсетіледі.

Тауарлар мен көлік құралдарын Тауарларды жеткізуді бақылаудың автоматтандырылған жүйесімен жабдықталған жөнелтуші кеден органынан Тауарларды жеткізуді бақылаудың автоматтандырылған жүйесімен жабдықталған межелі кеден органына дейін өткізу жағдайында бағанда тасымалдаушының межелі кеден органына дейін электронды пломбаны (номерін көрсетіп) өзгеріссіз жайда жеткізу және беру туралы міндеттемесі көрсетіледі.

Бағанды өз қолымен тасымалдаушының өкілі толтырады.

"Кеден және баратын ел" 53-бағанында - баратын кеден органының атауы мен коды көрсетіледі.

"Орны және күні" 54-бағанында ЖБК толтырылған орын және күн: ресімделген жері, ұйымның атауы көрсетіледі.

А бағанында жеткізілу орнының мекен-жайы көрсетіледі.

С және Д бағандарында осы Тәртіпке 3-қосымшаның 1 және 2-суреттеріне сәйкес көрсетілген мөртаңбалар қойылады және жеке нөмірлік мөрмен расталады .

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2003 жылғы 1 желтоқсандағы N 537 бұйрығымен, 2005 жылғы 20 мамырдағы N 195 бұйрығымен(қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 386 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтанқараңыз) .

## 3. Тауарлар транзиті не кеден режимін қолданудың ерекшеліктері

10. Тауарлар мен көлік құралдарын шетелдік мемлекеттің аумағы арқылы транзитпен өткізу кезінде жөнелтуші кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын бірдейлендіруді қамтамасыз етеді, ал баратын кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын оларды ІКТ рәсіміне сәйкес өткізу кезінде бірдейлендіру құралдарының сақталуын тексереді.

## 4. Баратын кеден органына жеткізілетін тауарлар туралы кепілдік міндеттемелерді тіркеудің тәртібі

11. Кепілді міндеттемелерді тіркеу үшін алушы баратын кеден органына өтінішпен жүгінуі тиіс.

12. Кепілді міндеттерді тіркеу мынадай жағдайлардың сақталуы шартымен жүргізіледі:

сыртқы экономикалық қызметке қатысушының есеп кәртішкесінің болуы;

жеке уақытша сақтау қоймасының (бұдан әрі- УСҚ) немесе уақытша сақтау орнының (бұдан әрі - УСО), не УСҚ-ның бірінде уақытша сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарттың болуы;

соңғы жыл ішінде Қазақстан Республикасы кеден заңнамасы бойынша бұзушылықтардың болмауы.

13. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

кепілді міндеттеменің толтырылған екі бланксі;

сыртқы экономикалық қызметке қатысушының қызмет аясында сыртқы экономикалық қызметке қатысушы орналасқан кеден органында тіркелген кәртішкесі;

сыртқы сауда шарттарының (келісім-шарттарының) (қолда бар) көшірмелері;

қойма иелерінің жасасқан шарттардың көшірмесі (болған жағдайда).

14. Алушының өтінішін қарау мерзімі оны алған сәттен бастап екі жұмыс күннен аспауы тиіс. Құжаттар мен мәліметтерді қосымша тексеру жүргізу қажет болған жағдайда өтінішті қарау мерзімі кеден органы басшылығының шешімі бойынша ұзартылуы, бірақ бес күннен артық емес уақытқа ұзартылуы мүмкін.

15. Кеден органының қызметкері жүгінген алушыны есепке қояды. Қоса беріліп отырған нысап бойынша (4-қосымша) жүргізілетін Алушылардың есебін жүргізу журналында (бұдан әрі - есебін жүргізу журналы) тіркеу жүргізіледі. Әрбір алушыға есебін жүргізу журналы бойынша нөмір беріледі.

Қажет болған жағдайда, осы алушы туралы қажетті деректерді қамтитын барлық құжаттарды сақтауға арналған есеп жүргізудің жеке папкасы жүргізіледі.

16. Баратын кеден органы, кепілді міндеттемені тіркеуден мынадай жағдайда бас тартады:

егер алушы осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса;

егер алушы алдыңғы кепілді міндеттемені орындамаса (осы Ереженің 21-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа);

егер алушының құжаттарды тексеру сәтінде кеден төлемдері мен салықтары бойынша қарызы болса;

егер алушыға немесе тасымалдаушыға қатысты жыл ішінде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы саласында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалса.

17. Кепілдік міндеттеме белгіленген нысан бойынша (6-қосымша) жеке журналда тіркеледі.

18. Кепілдік міндеттемеге (6-қосымша) мынадай: 7777/000/11223/9999, мұнда:

7777 - алушының есебін жүргізу журналы бойынша нөмірі, 000 - баратын кеден органының кеден органдарының жіктеушісіне сәйкес сандық кодын бірінші үш белгісі, 11 және 22 - тіркеудің тиісті күні мен айы, 3 - ағындық жылдың соңғы саны, 9999 - кепілді міндеттеменің тіркеу журналы бойынша реттік нөмірі болатын сызба бойынша жасалатын тіркеу нөмірі беріледі.

19. Кепілді міндетте бір ай ішінде екі мың километр есебіндегі мерзімге беріледі.

20. Кеден органының қызметкерлері кеден органдарының алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған алушылардың тізілімін жүргізеді.

21. Орындамаған кепілді міндеттемелерді қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін алушы аталған кепілді міндеттемені тіркеген кеден органының тауардың жеткізілуін бақылау бөліміне тапсыруы тиіс.

22. Тапсырылған, пайдаланылмаған кепілді міндеттеме құжаттың беткі жағына және тіркеу журналының тиісті бағанына "ҚАЙТАРЫЛДЫ" жазбасын қою жолымен жабылады. Жазбаны ТЖББ лауазымды адамы жүргізеді және осы адамның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен расталады.

23. Пайдаланылған кепілді міндеттемелер мұндай міндеттемелердің бірінші (бақылау) даналарымен бірге сақталады.

24. Алушының дәлелді өтініші бойынша кепілдік берілген міндеттемені тіркеген кеден органы жөнелтуші кеден органына кейіннен түпнұсқаны пошта арқылы жібере отырып байланыс құралдары бойынша кепілдік берілген міндеттемені жібереді.

Ескерту: 24-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 386 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтанқараңыз) .

25. Тауарларды алушының кепілді міндеттемесінің ұсынылған жағдайда, жөнелтуші кеден органында кепілдік міндеттеме алынады және ЖБҚ бақылау данасына тігіледі. Кепілдік міндеттеме Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуде бір жолға беріледі.

Ескерту: 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 386 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).

## 5. Қысқаша декларацияларды толтырудың тәртібі

26. Қысқаша декларацияны тауарларға қатысты уәкілеттігі бар тасымалдаушы не тұлға, тауарлар мен көлік құралдарын кеден органына әкелгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей белгіленген нысан бойынша (7-қосымша) үш данада береді.

Бұл орайда, қысқаша декларацияның даналары мынадай тәртіппен бөлінеді:

1-ші дана - бақылау үшін кеден органының іс қағаздарында қалады;

2-ші дана - тасымалдаушыға беріледі;

3-ші дана - УСҚ (кеден қоймасы, еркін қойма) иесіне беріледі.

Қысқаша декларацияны берудің мерзімін бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауаптылықта болады.

27. Кеден органдары қысқаша декларацияны белгіленген нысан бойынша (8-қосымша) қысқаша декларациялардың есебін жүргізу журналында, бірмезгілде деректер базасының электронды көшірмесін жасай отырып тіркейді. Қысқаша декларацияның есепке алу журналындағы реттік нөмірі оның тіркеу нөмірі болып табылады.

28. Қысқаша декларацияға тіркеу нөмірі мынадай сызба бойынша қалыптастырылады, беріледі:

11111/22334/555555, мұнда

11111 - қысқаша декларацияны тіркеген кеден органының коды,

22 және 33 - тиісінше тіркелген күні мен айы,

4 - ағымдағы жылдың соңғы саны,

555555 - тіркеу журналы бойынша қысқаша декларацияның реттік нөмірі.

29. Кеден органы тіркеуге ұсынған қысқаша декларацияда уақытша сақтау қоймасында немесе уақытша сақтау орындарында тіркеу нөмірі жазылуы тиіс, мынадай түрде қалыптастырылған:

111111/22334/555555, мұнда

111111 - лицензияның соңғы алты саны (рұқсаты),

22 және 33 - тиісінше тіркелген күні мен айы,

4 - ағымдағы жылдың соңғы саны,
555555 - жеткізілген тауарларды тиісті журнал бойынша реттік тіркеу нөмірі.

30. Қысқаша декларация 17-бағаннан тұрады және мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

1-баған. "Тауарларды жөнелтуші, жөнелтуші ел": жөнелтуші ел көрсетіле отырып жөнелтушінің атауы, заңды мекен-жайы;

2-баған. "Тауарларды алушы, баратын ел": баратын ел көрсетіле отырып алушының атауы, заңды мекен-жайы;

3-баған. "Тасымалдаушы": тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және заңды мекен-жайы.

Егер, тасымалдаушы:

Жеке тұлға болып табылса - тұлғаның Т.А Ә, төлқұжаттық деректері және оның тұратын жері;

теміржол болып табылса - "теміржол" жазбасы жазылады;

авиакомпания болып табылса - "авиа" жазбасы жазылады және рейстің нөмірі мен әуе кемесінің Қазақстан әуежайына келу күні көрсетіледі;

теңіз немесе өзен кемесі болып табылса - "теңіз (өзен) кемесі" деген жазба жазылады және рейстің нөмірі мен күні көрсетіледі;

4-баған. "Көлік құралы туралы мәліметтер": көліктің түрі, көлік құралының атауы және нөмірі;

5-баған. "Көліктік құжаттардың атауы, нөмірлері": құжаттардың атауы, көлік құралының нөмірі болған жағдайда - оның нөмірі;

6-баған. "Тауардың атауы/ТМД СЭҚ ТН бойынша коды": тауардың атауы, көліктік құжаттарда тауардың ТМД СЭҚ ТН бойынша коды болмаған жағдайда, оны көрсету міндетті емес. Тауарлардың үштен астам атаулары ұсынылған жағдайда, декларацияның сыртқы жағына баған ("6-бағанға толықтыру") нөміріне белгі соғу арқылы, ресімделген күні көрсетіле отырып, қысқаша декларацияны қабылдауды және тіркеуді жүргізген кеден органының лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлік мөрімен расталған аталған баған бойынша мәліметтерді көрсетуге рұқсат етіледі.

7-баған. "Орындардың саны": көлік құралдарында көрсетілген орындардың саны;

8-баған. "Салмағы (кг)": уақытша сақтауға орналастырылған тауарлардың тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген салмағы, килограмдағы;

9-баған. "Пломбалар мен өзге де бірдейлендіру құралдарының саны және нөмірлері".

көлік құралында бар пломбалардың немесе өзге де бірдейлендіру

құралдарының саны, нөмірі;

10-баған. "Фактуралық құны": тауарға ілеспе құжаттардағы құны, көрсеткіштері;

11-баған. "Валютаның коды": тауарға ілеспе құжаттардағы көрсетілген төлем валютасының коды;

12-баған. "Алдыңғы құжат": жеткізілуін бақылау құжатының анықтама нөмірі ;

13-баған. "Қосымша мәліметтер":

егер уақытша сақтаудың жекелеген орындарына орналастыруға шек қойылған тауарлар ұсынылған жағдайда толтырылады;

14-баған. "Уақытша сақтау орны":

таңдап алынған уақытша сақтау орнының атауы және орналасқан жері, тауардың сақтауға іс-жүзінде орналастырғандығы туралы қойма белгісімен бірге орын иесі туралы мәліметтер;

15-баған. "Уақытша сақтау мерзімі":

Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне сәйкес айқындалатын уақытша сақтау мерзімі;

16-баған. "Кеден органының атауы":

тауарлар мен көлік құралдары ұсынылатын Қазақстан Республикасы кеден органының толық атауы;

17-баған. "Кеден органының шешімі":

кеден органының уақытша сақтау орны туралы шешімі.

31. 1-14-бағандарының тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдаушының өкілі, ал арнайы уәкілетті тұлға болмаған жағдайда - көлік құралын басқарушы адам толтырады.

32. 15-17-бағандарын тауарлар мен көлік құралдарына кедендік ресімдеу жүргізетін кеден органының лауазымды адамы толтырады.

33. Қысқаша декларация ресімделген күні көрсетіле отырып, тауарлар мен көлік құралдарына кедендік ресімдеу жүргізуші кеден органы лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлік мөрімен расталады.

## 6. Ішкі кедендік транзит рәсімдерінің аяқталуы

34. ІКТ рәсімі бойынша тасымалданатын тауар келіп түскеннен кейін тасымалдаушы бұл туралы баратын кеден органын тауарлар мен олардың құжаттарын ұсыну жолымен хабардар етеді. Баратын кеден органы тауарлардың жеткізілуін бақылау жөніндегі бөлімінің лауазымды адамы тауарлардың жеткізілуінің аяқталғандығын ресімдеу кезінде кеден органының осы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен және қолымен расталатын ЖБҚ-ның екінші

және үшінші даналарында және көлік құжаттарында қысқаша декларацияның, не жүк кедендік декларацияның нөмірін көрсете отырып 2-суретте (3-қосымша) көрсетілген мөртаңбаны қояды, 9-қосымшада келтірілген нысан бойынша түскен тауарларды журналда тіркейді, одан кейін жедел байланыс арналары бойынша жөнелтуші кеден органына ол ЖБҚ-ның бақылау данасымен бірге жеке мұрағаттық папкада сақталатын жөнелтуші кеден органына жүктің келіп түскендігі туралы белгі соғу арқылы ЖБҚ-ның қағаз тасығыштары жөнелтіле отырып тауарды ІКТ рәсімі бойынша тасымалдаудың аяқталғандығы туралы ақпарат беріледі.

35. Ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары келгенін тіркеген сәттен бастап жеткізілген деп есептеледі.
Ескерту: 35-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 386 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтанқараңыз) .

## 7. Бос шетелдік автокөлік құралдарын әкелу куәлігін толтырудың тәртібі

36. Бос автокөлік құралдарын уақытша әкелу кезінде белгіленген нысан бойынша (11-қосымша) кеден органы бос шетелдік автокөлік құралдарына әкелу куәлігін ресімдеуді жүргізеді.

37. Әкелу куәлігі қатаң есептілік бланксі болып табылады және оны Қазақстан Республикасының кеден аумағына автокөлік құралын әкелу орнында орналасқан жөнелту кеден органы екі данада (біріншісі - көлік құралының иесіне , не оның өкіліне беріледі, екіншісі - кеден органында қалады) ресімделеді. Әкелу куәлігі кеден органының елтаңбалық мөрімен, сондай-ақ осы кеден органы лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлік мөрімен расталуы тиіс.

38. Кеден органы бос көлік құралының Қазақстан Республикасының аумағына келу мерзімін көлік құралының мүмкіндіктерін, белгіленген бағытты негізге ала отырып белгілейді, бірақ бір айдың ішінде екі мың километр есебімен белгіленетін шекті мерзімнен аспайтын етіп белгілейді.

39. Шетелдік бос автокөлік құралының әкелу куәлігін тіркеу белгіленген нысан бойынша журналға (12-қосымша) тіркеу арқылы жүргізіледі.

## 8. Бірдейлендіру құралдарын қолданудың және дайындаудың тәртібі

40. Көлік құралдарының жүк бөлімшелеріне пломбалар мен мөрлер салу жолымен тауарларды бірдейлендіру Кодекстің 476-бабына сәйкес жүргізіледі.

41. Ауыр салмақты және өте ауқымды жүктерді, сондай-ақ жануарларды және тасымалдауды жүргізу кезінде оларға кіру қажет етілетін өзге де тауарларды жеткізу кезінде көлік құралдарының жүк бөлімшелеріне мөрлер мен пломбалар салынбайды.

Тауарларды, оның ішінде ауыр салмақты және өте ауқымды тауарларды бақылаумен ашық көлік құралдарында немесе Көлік құралдарын жабдықтау ережесіне сәйкес келмейтін көлік құралдарында жеткізу кезінде бірдейлендіру құралдары кеден органы лауазымды адамының шешімі бойынша жекелеген жүк орындарына салынуы мүмкін, не бірдейлендіру құралдары ретінде тауарлардың сипаттамасы, сызбалар, масштабтық бейнелер, фото суреттер, иллюстрациялар пайдаланылуы мүмкін.

Көрсетілген құжаттарды баратын кеден органының лауазымды адамы растайды және тауарлардың жеткізілуін бақылау құжатына (ТЖҚ) қоса беріледі. Тауарға ілеспе құжаттар (оның ішінде шот-фактуралар немесе шот-проформалар) кедендік бірдейлендіру құралдары болып табылады.

Салынған немесе қолданылған бірдейлендіру құралдары мәліметтер ТЖҚ көрсетіледі.

Пломбылар кедендік бақылаудағы тауарларды тасымалдау кезінде қолданылады. Пломбылау құрылғылары мен қондырғыларына:

1) сөмкелерге және қапшықтарға, үлгілері және сынамалары бар ыдыстарға, кедендік бекітпелерге, почта сәлемдемелеріне, техникалық жабдықтардың бекітпелеріне салу үшін, сондай-ақ қоймалар мен қызметтік үй-жайларды сүргілеу үшін пайдаланылатын бақылаулық қорғасын (не оның қорытпасы) пломбалар;

2) жеке нөмірі бар, қажет болған жағдайда - логотипі, не басқа да ерекшелейтін белгілері бар бұранда кескішті пломба салғыштар жатады. Бұранда кескіштің диаметрі 10 мм тең болуы тиіс (13-қосымша).

42. Бірдейлендіруші белгілер тауарлар мен құжаттарды оларды кедендік бақылаумен жеткізу кезегіндегі бірдейлендіру құралдары болып табылады.

43. Тауарларды жеткізу кезінде пайдаланылатын бірдейлендіру белгілері өздігінен жапсырылатын негізде жарық шағылыстырушы қабаты бар материалдан дайындалады (13-қосымша), Қазақстан Республикасы орталық кеден органдарының атауы сөздерінің қысқартылуы жолымен құрастырылған, КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУМЕН жазбалармен Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі эмблемасының бейнесі көрсетіледі және оны жөнелтуші кеден органы тауарларды бірдейлендіру тексерісінен кейін жүк орындарына жапсырады.

44. Құжаттарды бірдейлендіру үшін пайдаланылатын бірдейлендіру белгілері "КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУМЕН" жазбасы түрінде болады және құжаттардың беттік жағындағы немесе сырт жағындағы бос орынға жапсырылады.

45. Қазақстан Республикасының кеден органдары бірдейлендіру құралы ретінде кеден мақсаттары үшін құжаттарға қойылатын мөрлер мен мөртаңбаларды қолданады.

46. Кеден органдары бірдейлендіру құралдары ретінде:

1) тауардың: моделі, маркасы, мөлшерлері, ол дайындаған материал, марклеудің немесе белгілеудің болуы және сипаты, түрі, техникалық сипаттамасы мен қасиеттері, тозу дәрежесі, ақауларының болуы, жиынтықтылығы және т.б. сияқты ерекшелік белгілері көрсетіле отырып қарау актісі түрінде жүзеге асырылатын тауарлардың сипаттамасы;

2) заттың немесе объектінің мөлшерлері мен материалы көрсетіле отырып үш проекцияда жасалған техникалық сызбалар;

3) бірдейлендіретін объектінің негізгі көзге көрінетін деталдары мен олардың ерекшелік белгілерін айыруға мүмкіндік беретін масштабтағы үш проекцияда орындалған түрлі-түсті фото суреттер;

4) техникалық құжаттамаларда, каталогтарда және басқа да ресми баспа басылымдарында келтірілген масштабтық бейнелердің немесе иллюстрациялардың көшірмелері;

5) тауарлардың сипаттамасы бар тауарға ілеспе құжаттар, формулярлар, жапсырмалар, заттаңбалар, шот-фактуралар, проформалар, коносаменттер, жүк құжаттар, бұйымдардың паспорттары және т.б. қабылдануы мүмкін.

47. Жоғарыда санамаланған барлық бірдейлендіру құралдары олардың пайдалануы бірдейлендіру үшін ұсынылған тауарларға сәйкестігін айқындауға мүмкіндік беруі шартымен жеке немесе еркін қосылыста қолданылуы мүмкін.

48. Бірдейлендіру құралдарын дайындау тәртібі мемлекеттік сатып алу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

## 9. Тауарға ілеспе құжаттарды тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаты ретінде қолдану ерекшеліктері

Ескерту. 9-бөліммен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.02.22 N 74 бұйрығымен.

49. ЖБҚ ретінде тауарға ілеспе құжаттар:

осы ереженің 50-тармағының талаптарына сәйкес жөнелтуші кеден органы жарақтандырылған;

осы ереженің 52 және 53-тармақтарында белгіленген талаптарға тауарға ілеспе құжаттардың сәйкестігі немесе Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Кедендік бақылау комитетінің веб-порталы арқылы алдын ала ақпарат ұсыну жағдайында пайдаланылады.

50. ЖБҚ ретінде тауарға ілеспе құжаттарды қабылдайтын кеден органдары, бағдарламалық қамтамасыз етумен және тауарға ілеспе құжаттарды сканерлеуді, ЖБҚ анықтамалық нөмірін автоматты түрде беруді және құжаттарды өңдеу орталығына сканерленген бейнелерді жолдауды қамтамасыз ететін жабдықпен жарақтандырылады.

Тауарға ілеспе құжаттарды ЖБҚ ретінде пайдалану үшін бағдарламалық қамтамасыз етумен және жабдықпен жарақтандырылған кеден органдарының тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің веб-порталында жарияланады және кеден органдарының жарақтандырылуына қарай жаңартылады.

Тауарға ілеспе құжаттарды ЖБҚ құжаты ретінде пайдалану мүмкіндігі туралы ақпарат жөнелтуші кеден органының ақпараттық стендінде орналастырылады.

51. Кеден органына ұсынылатын алдын ала ақпарат осы Ереженің 14-қосымшасына сәйкес мәліметтерді қамтиды.

Жөнелтуші кеден органына алдын ала ақпарат ұсынуды растау ретінде тасымалдаушының өкілі оны тауаркөліктік құжаттың жоғарғы оң жақ бұрышында көрсету арқылы веб-порталда алдын ала ақпаратты тіркеу кодын немесе веб-портал берген тіркеу штрих-коды ұсынылады.

52. ЖБҚ ретінде қабылданатын тауарға ілеспе құжаттар:

көліктік (тасымалдау) құжаттарға сәйкес тауарды жөнелтуші, алушы;

тауарларды жөнелтуші ел, межелі елі;

декларант;

тасымалдаушы;

тауарлар тасымалданатын көлік құралы;

коммерциялық, көліктік (тасымалдау) құжаттарға сәйкес тауарлардың атауы, мөлшері, құны;

Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне немесе Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес кемінде алты мәнді деңгейіндегі тауарлар коды;

тауарлардың брутто салмағы немесе көлемі, сондай-ақ Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының немесе Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесінің әрбір коды бойынша (мұндай мәліметтер болған кезде) қосымша өлшем бірлігіндегі тауарлар мөлшері;

жүк орындарының саны;

көліктік (тасымалдау) құжаттарға сәйкес тауарлардың межелі пункті;

егер мұндай өткізуге осы құжаттар болған кезде жол берілсе, тауарлардың

кедендік шекара арқылы өткізілуімен байланысты шектеулердің сақталуын растайтын құжаттар;

жоспарланған тауарларды қайта тиеу немесе жолдағы жүк операциялары туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

53. ЖБҚ ретінде қабылданатын тауарға ілеспе құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылады. Өзге жағдайларда, өткізілетін тауарларға қатысты өкілеттігі бар тұлға тауаркөліктік және коммерциялық құжаттарды мемлекеттік немесе орыс тіліне аударуды қамтамасыз етеді.

54. ЖБҚ ретінде қабылданатын тауарға ілеспе құжаттар осы Ереженің 15-қосымшасына сәйкес берілетін құжаттар тізімдемесінің екі данасы жасала отырып, жөнелтуші кеден органына бір данада көрсетіледі.

Тауарға ілеспе құжаттардың барлық парақтары, сондай-ақ ол болған жағдайда, құжаттардың аудармасы рет бойынша нөмірленеді.

Құжаттар тізімдемесінде тасымалдау өкілінің Т.А.Ә. және қолы, тасымалдаушының тауарды межелі кеден органына дейін жеткізу туралы міндеттемесі толтырылады. Тауарлар мен көлік құралдары электрондық пломбаны қолдана отырып өткізілген жағдайда тізімдемеде тасымалдаушының электрондық пломбаны (электрондық пломбаның нөмірін көрсете отырып) межелі кеден органына өзгермеген жай-күйінде жеткізу және тапсыру туралы міндеттемесі көрсетіледі.

55. Жөнелтуші кеден органының лауазымды тұлғасы берілген тауарға ілеспе құжаттардың әрбір парағын жеке нөмірлік мөрімен куәландырады және бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен ЖБҚ реттік нөмірін береді.

Жеке нөмірлік мөрмен куәландырылған осы реттік нөмір тауаркөліктік және коммерциялық құжаттарда, сондай-ақ құжаттардың тізімдемесінде көрсетіледі.

Құжаттар тізімдемесінің сол жақ төменгі бұрышында осы Бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес 1-суретте көрсетілген мөртаңба қойылады. Құжаттар тізімдемесінің оң жақ төменгі бұрышында межелі кеден органының коды, (көлік құралы мөрлермен және пломбалармен өткізілген жағдайда) пломба нөмірлері, құжаттарды қабылдаған кеден органы лауазымды тұлғасының тегі және инициалдары көрсетіледі. Осы жазулар құжаттарды қабылдаған кеден органы лауазымды тұлғасының жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады.

56. Ұсынылған тауарға ілеспе құжаттарға, сондай-ақ құжаттар тізімдемесіне бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен сканерлеу жүргізілгеннен кейін жөнелтуші кеден органының лауазымды тұлғасы құжаттар тізімдемесінің бір данасымен ұсынылған құжаттар тауарларды межелі кеден органына кедендік бақылаумен өткізуді жүзеге асыру үшін тасымалдаушының өкіліне қайтарылады.

Құжаттар тізімдемесінің екінші данасы тауарлар мен көлік құралдарын межелі кеден органына дейін өткізуге бақылауды жүзеге асыру үшін жөнелтуші

кеден органында қалады.

57. ЖБҚ ретінде тауарға ілеспе құжаттар бойынша тасымалданған тауарлар мен көлік құралдары келгеннен кейін тасымалдаушы тауарлар мен оларға арналған құжаттарды ұсыну жолымен бұл туралы межелі кеден органын хабардар етеді. Межелі кеден органының лауазымды тұлғасы құжаттар тізімдемесінде, сондай-ақ тауаркөліктік және коммерциялық құжаттарға осы Бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес 2-суретте көрсетілген мөртаңбаны қою жолымен тауарлардың жеткізілуін аяқтауды ресімдейді. Осы мөртаңба межелі кеден органы лауазымды тұлғасының қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады.

Тауарлар түсу фактісін межелі кеден органының лауазымды тұлғасы осы Бұйрықтың 9-қосымшасына сәйкес келтірілген нысан бойынша тауарлардың түсуі журналында тіркейді, одан кейін ІКТ рәсімі бойынша тауарларды тасымалдаудың аяқталуы туралы ақпаратты жедел байланыс желілері бойынша жөнелтуші кеден органына жолдайды.

Тізімдеменің куәландырылған көшірмесі және тауарға ілеспе құжаттар тасымалдаушыға табыс етіледі, ал құжаттар тізімдемесінің түпнұсқасы межелі кеден органында сақталады.

## 10. Халықаралық жол тасымалы кітапшаларын Тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаты ретінде қолдану ерекшеліктері

Ескерту. 10-бөліммен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.02.22 N 74 бұйрығымен.

58. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаумен өткізген жағдайда, 1975 жылғы Халықаралық жол тасымалы (бұдан әрі - ХЖТ) кітапшаларын қолдану арқылы халықаралық жүк тасымалдау туралы кеден конвенциясына сәйкес ЖБҚ ретінде Халықаралық жол тасымалы кітапшасы пайдаланылады.

59. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаумен өткізу кезінде ХЖТ кітапшасын қолдана отырып, халықаралық жүк тасымалдау туралы кеден конвенциясына сәйкес тасымалдаушының өкілі жөнелтуші кеден органына мынадай құжаттарды:

жөнелтуші мемлекеттердің және транзит мемлекеттерінің кеден органдары толтырған және ресімдеген ХЖТ кітапшасын;

(ХЖТ конвенциясына сәйкес) көлік құралын жіберу беру туралы куәлікті;

тауаркөліктік және коммерциялық құжаттарды ұсынуға тиіс.

60. ЖБҚ ретінде қабылданатын ХЖТ кітапшасы басылым тәсілімен жапсырылған мұқабадан, «үзілмейтін сары», «ақ (№ 1)» және «жасыл (№ 2)» парақтардан тұрады. «ақ (№ 1)» және «жасыл (№ 2)» парақтардың саны тиісінше

ең аз дегенде, бір дананы құрауға тиіс. ХЖТ кітапшаларын беру тәртібі ХЖТ конвенциясымен айқындалған.

61. Жөнелтуші кеден органының лауазымды тұлғасы ХЖТ конвенциясының талаптарына сәйкес ХЖТ кітапшасының дұрыс толтырылуын тексереді ( мұқабаның 2-15 бағандары мен «үзілмейтін сары» парақ) және ХЖТ кітапшасының үзбелі парақтары мен түбіртегін толтыру жолымен осы кітапшаны ресімдеуді жүргізеді, сондай-ақ тауарға ілеспе құжаттарды жеке нөмірлік мөрімен куәландырады.

62. Жөнелтуші кеден органының лауазымды тұлғасы ХЖТ кітапшасының үзбелі парақтарында «Қызметтік пайдалану үшін» және 16-дан 23-ке дейінгі бағандарды толтырады.

«Қызметтік пайдалану үшін» бағаны – тауардың құны мен валюта коды көрсетіледі, қолмен және жеке нөмірлік мөрмен куәландырылады. Баған ХЖТ кітапшасының «(№ 1) ақ» және «(№ 2) жасыл» парақтарының бір жинағында толтырылады.

«Салынған пломбалар» 16-бағаны – салынған пломбалардың саны және олардың нөмірлері көрсетіледі. Баған ХЖТ кітапшасының әрбір үзбелі парағында толтырылады.

«Жөнелтуші орын кеденінің қолы мен мөрі, күні» 17-бағаны - ХЖТ кітапшасы ашылған кеден органында ХЖТ кітапшасының ашылған күні көрсетіледі, ХЖТ кітапшасы ашылған кеден органы лауазымды тұлғасының қолы мен жеке нөмірлік мөрі қойылады. Баған ХЖТ кітапшасының әрбір үзбелі парағында толтырылады.

Кейінгі бағандар ХЖТ кітапшасының «ақ (№ 1)» және «жасыл (№ 2)» парақтарының бір жинағында толтырылады.

«Кіру кезінде жөнелту орнының кедені немесе аралық кеден» 18-бағаны - жөнелтуші кеден органының атауы көрсетіледі.

«Пломбалардың жай-күйі» 19-бағаны - көлік құралына салынған пломбалар бүлінбеген жағдайда белгі қойылады.

«Транзиттік тасымалдаудың ұзақтығы» 20-бағаны - көлік құралын межелі кеден органына жеткізудің бақылау күні көрсетіледі.

«Кеденмен тіркелген» 21-бағаны - жөнелтуші кеден органының коды мен журнал бойынша тіркеу нөмірі көрсетіледі.

«Әр түрлі (белгіленген бағыт, жүк ұсынылуға тиіс кеден)» 22-бағаны - межелі кеден органының атауы көрсетіледі.

«Күні, мөрі мен қолы» 23-бағаны - жөнелтуші кеден органында ХЖТ кітапшасын ресімдеу күні көрсетіледі, жөнелтуші кеден органы лауазымды тұлғасының қолы мен жеке нөмірлік мөрі қойылады.

63. ХЖТ кітапшасының «ақ (№ 1)» түбіртегінде жөнелтуші кеден органының

лауазымды тұлғасы 1-ден 6-ға дейінгі бағандарды толтырылады.

«Келгені кеденмен белгіленген» 1-баған - «ақ (№ 1)» үзбелі парақтың толтырылуы жүзеге асырылған жөнелтуші кеден органының атауы көрсетіледі.

«№» 2 бағаны - ХЖТ кітапшасының «(№ 1) ақ» және «жасыл (№ 2)» парақтар жинағының 21-бағанында көрсетілген нөмірге сәйкес келуі тиіс жөнелтуші кеден органындағы журнал бойынша тіркеу нөмірі көрсетіледі.

«Салынған пломбалар» 3-бағаны - салынған пломбалар саны мен олардың нөмірлері көрсетіледі.

«Пломбалардың жай-күйі» 4-бағаны - көлік құралына салынған пломбалар бүлінбеген жағдайда белгі қойылады.

«Әр түрлі (белгіленген бағыт, жүк ұсынылуға тиіс кеден)» 5-бағаны - межелі кеден органының атауы көрсетіледі.

«Күні, мөрі мен қолы» 6-бағаны - жөнелтуші кеден органында ХЖТ кітапшасын ресімдеу күні көрсетіледі, жөнелтуші кеден органы лауазымды тұлғасының қолы мен жеке нөмірлік мөрі қойылады.

64. ХЖТ кітапшасының «жасыл (№ 1)» түбіртегінде жөнелтуші кеден органының лауазымды тұлғасы межелі кеден органының атауы көрсетілген « Келгені кеденмен белгіленген» 1-бағанын толтырады.

65. ХЖТ кітапшасының толтырылған «ақ (№ 1)» парағы тауарлар мен көлік құралдарын межелі кеден органына дейін өткізуге бақылауды жүзеге асыру үшін жөнелтуші кеден органында қалады. ХЖТ кітапшасы, көлік құралын жіберу туралы куәлік, тауаркөліктік және коммерциялық құжаттар межелі кеден органына өткізілуі үшін тасымалдаушының өкіліне қайтарылады.

66. ХЖТ кітапшасы бойынша тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдары келгеннен кейін тасымалдаушы тауарларды және оларға арналған құжаттарды ұсыну жолымен ол туралы межелі кеден органын хабардар етеді. Межелі кеден органының лауазымды тұлғасы ХЖТ кітапшасының «(№ 2) жасыл» үзбелі парағы мен «(№ 2) жасыл» түбіртегін толтыру жолымен тауарлардың жеткізілуін аяқтауды ресімдейді.

67. ХЖТ кітапшасының «(№ 2) жасыл» үзбелі парағында межелі кеден органының лауазымды тұлғасы 24-тен 28-ге дейінгі бағандарды толтырады.

«Шығу кезіндегі аралық кеден немесе межелі орын кедені» 24-бағаны - межелі кеден органының атауы көрсетіледі.

«Пломбалардың жай-күйі» 25-бағаны - көлік құралына салынған пломбалар бүлінбеген жағдайда белгі қойылады.

«Оларға қатысты ХЖТ операциясын тоқтату куәландырылған жүк орындарының саны» 26-баған - межелі кеден органында жүк түсіру кезіндегі орындар саны көрсетіледі. Осы баған тауарларды өткізу рәсімін толық немесе ішінара жабу жүргізілетін межелі кеден органында ғана толтырылады.

«Ресімдеу кезіндегі ескертулер» 27-бағаны - ХЖТ конвенциясына сәйкес ( пломбылардың бүлінуі, жеткізу мерзімін бұзушылық, тауарларды жоғалту және т.б.) өткізу рәсімінің шарттарын бұзушылықтар анықталған кезде толтырылады. Осы бағанды толтыру кезде «R» латын әрпі қойылады және ХЖТ кітапшасы бойынша анықталған өткізу рәсімін бұзушылық сипатталады.

«Күні, мөрі мен қолы» 28-баған - жөнелтуші кеден органында ХЖТ кітапшасын ресімдеу күні көрсетіледі, жөнелтуші кеден органы лауазымды тұлғасының қолы мен жеке нөмірлік мөрі қойылады.

68. ХЖТ кітапшасының «жасыл (№ 2)» түбіртегінде жөнелтуші кеден органының лауазымды тұлғасы 2-ден 6-ға дейінгі бағандарды толтырады.

«Пломбалардың жай-күйі» 2-бағаны - көлік құралына салынған пломбалар бүлінбеген жағдайда белгі қойылады.

«Оларға қатысты ХЖТ операциясын тоқтату куәландырылған жүк орындарының саны» 3-бағаны - межелі кеден органында жүк түсіру кезіндегі орындар саны көрсетіледі. Осы баған тауарларды өткізу рәсімін толық немесе ішінара жабу жүргізілетін межелі кеден органында ғана толтырылады.

«Салынған пломбалар» 4-бағаны - жаңа пломбалар салынған жағдайда, салынған пломбалардың саны мен олардың нөмірлері көрсетіледі.

«Ресімдеу кезіндегі ескертулер» 5-баған - ХЖТ конвенциясына сәйкес ( пломбалардың бүлінуі, жеткізу мерзімін бұзушылықтар, тауарларды жоғалту және т.б.) өткізу рәсімдерінің шарттарын бұзушылықтар анықталған кезде толтырылады. Осы бағанды толтыру кезде «R» латын әрпі қойылады және ХЖТ кітапшасы бойынша анықталған өткізу рәсімін бұзушылық сипатталады.

«Күні, мөрі мен қолы» 6-баған - жөнелтуші кеден органында ХЖТ кітапшасын ресімдеу күні көрсетіледі, жөнелтуші кеден органы лауазымды тұлғасының қолы мен жеке нөмірлік мөрі қойылады.

69. ХЖТ кітапшасының толтырылған «(№ 2) жасыл» парағы межелі кеден органында қалады.

Қазақстан Республикасының кеден аумағында ХЖТ кітапшасы бойынша тасымалдау аяқталған кезде межелі кеден органының лауазымды тұлғасы осы Ереженің 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардың кеден бақылаумен жеткізілуін растау туралы куәлікті толтырады және тауаркөліктік және коммерциялық құжаттарда 2-суретте (3-Қосымша) көрсетілген мөртаңбаны қояды.

70. ХЖТ кітапшасы, тауаркөліктік және коммерциялық құжаттар тасымалдаушының өкіліне қайтарылады.

Кедендік бақылау агенттігі
Төрағасының
2003 жылғы 12 мамырдағы

N 197 бұйрығымен бекітілген
Тауарлар мен көлік құралдарының
жеткізілуін бақылау ережесіне
1-қосымша

РҚАО-ның ескертуі: 1-қосымшаны қағаз мәтіннен қараңыз.

Кедендік бақылау агенттігі
Төрағасының
2003 жылғы 12 мамырдағы
N 197 бұйрығымен бекітілген
Тауарлар мен көлік құралдарының
жеткізілуін бақылау ережесіне
2-Қосымша

**Жеткізуді бақылау құжаттарын тіркеу Журналы**

| N | дата | ЖБК бланкісінің нөмірі | ЖБК анықтама нөмірі | Жіберуші/ атауы/ мекенжайы | Алушы (атауы, мекенжайы, алушы т/ж станциясы) | Тасымалдаушы (атауы, мекенжайы) | Тауар (атауы және СЭҚ ТН бойынша коды) | Орын саны | Салмағы Брутто-нетто (тонна) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

таблицаның жалғасы

